

## Халықтың нысаналы топтарын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 13 қарашадағы N 359 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 07 желтоқсанда N 5-17-118 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Ұлан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 05 маусымдағы N 793 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2010.06.05 N 793 (қолданысқа енгізілу тәртібін 9-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7-баптарына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындықтары бар халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шараларды белгілеу мақсатында Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . Б е к і т і л с і н :

1) осы қаулының 1 қосымшасына сай әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру бойынша Нұсқаулық;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сай кәсіптік оқытуға жіберілген жұмыссыз азаматтардың тамақтану және медициналық куәландіру шығындарын өтеу бойынша Нұсқаулық .

2. Ұлан ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1) 2005 жылғы 15 сәуірдегі № 1569 «Халықтың мақсатты топтарын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша шаралар және оларды қаржыландыру Ережелері туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2336 болып 2005 жылдың 12 мамырында тіркелген, 2005 жылғы 2 шілдедегі № 37 «Ұлан таңы» аудандық газетінде жарияланған);

2) 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 1105 «2005 жылғы 15 сәуірдегі № 1569 «Халықтың мақсатты топтарын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша шаралар және оларды қаржыландыру Ережелері туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде

№ 5-17-96 болып 2009 жылдың 10 ақпанында тіркелген, 2009 жылғы 21 ақпандағы № 8 «Ұлан таңы» аудандық газетінде жарияланған);

3) 2009 жылғы 27 мамырдағы № 107 «2009 жылғы 30 қаңтардағы № 1105 «2005 жылғы 15 сәуірдегі № 1569 «Халықтың мақсатты топтарын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша шаралар және оларды қаржыландыру Ережелері туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-17-105 болып 2009 жылғы 26 маусымда тіркелген, 2009 жылғы 19 маусымдағы № 30 «Ұлан таңы» аудандық газетінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Сейсембинаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданының әкімі *Б. Уйсумбаев*

Ұ л а н а у д а н ы ә к і м д і г і н і н  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 3 қ а р а ш а д а ғ ы  
№ 359 қаулысына 1 қосымша

## **Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру бойынша Нұсқаулық**

### **1. Жалпы нұсқаулықтар**

1. Жол картасы шеңберінде әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы нысаналы топтарға жатқызылған жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыс орындарына орналастыру мақсатында әзірленді.

2. Осы нұсқаулық «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-11 Заңның 4, 5-бабтарына және мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған «Жол картасы» іс-қимылдар жоспарына сәйкес әзірленді.

3. Нұсқаулық нысаналы топтардан азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды және қаржыландыруды белгілейді, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын мекемелермен негізгі шарттарды және есептеу жүйесін реттейді.

## **2. Ұйымдастыру және әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру**

4. Әлеуметтік жұмыс орнын құруды жергілікті атқарушы органмен келісімшарт негізінде жұмыс беруші жүзеге асырады.

5. Келісімшартта жақтардың міндеттері, жұмыс түрі, көлемі, еңбек ақы төлемінің мөлшері мен нақты шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мерзімі мен көздері көрсетіледі.

6. Әлеуметтік жұмыс орны нысаналы топтар үшін уақытша жұмыс орындарын ұсыну немесе құру жолымен ұйымдастырылады, уақытша сипатқа ие б о л у д а .

7. Базасында әлеуметтік жұмыс орындары құрылатын кәсіпорындарды іріктеу мынадай принциптер бойынша жүргізіледі:

1) «Жол картасы» бойынша жұмыс көлемін орындайтын кәсіпорындарға б а с ы м д ы л ы қ беріледі;

2) өз жағынан 15000 (он бес мың) теңгеден кем емес еңбек ақы төлеуге міндеттенетін әлеуметтік-маңызды кәсіпорындарға;

3) өз жағынан 15000 (он бес мың) теңгеден кем емес еңбек ақы төлеуге міндеттенетін кәсіпорындарға.

8. Нысаналы топтардан азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруды кезекпен тәртібінде жұмыспен қамту бөлімдері жүзеге асырады.

9. Жұмыс беруші нысаналы топтардан азаматтарды жұмыспен қамту бөлімінің жолдамасы бойынша 6 айға дейінгі мерзімде әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырады, үзбелі талонды толтырып, 3 күн ішінде жұмыспен қамту бөлімінің мекен-жайына жолдайды.

10. Азаматты әлеуметтік жұмыс орнына қабылдау туралы шешім қабылданған жағдайда, «Жұмыс беруші» Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес «Жұмыспен қамту бөлімімен» келісімшартта аталған мерзімге жұмыссызбен еңбек шартын (контракт) жасасады.

## **3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері мен шарттары**

11. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған нысаналы топтардан азаматтардың еңбек ақы төлемі айына 30 мың теңгеден кем болмауы тиіс; жұмыс беруші жағынан 15 мың теңгеден кем емес және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жағынан республикалық бюджеттен 15 мың т е ң г е .

12. Әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушылардың жұмыспен қамту және

әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жағынан жұмыс беруші жұмыспен қамту органына осы айда қатысушының жұмыс істеген күндерінің саны көрсетілетін анықтама негізінде олардың жеке есеп шоттарына жүргізіледі.

13. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан нысаналы топтардан азаматтарға төленетін еңбек ақыға заңнамаға сәйкес салық салынады.

14. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан нысаналы топтардан азаматтардың еңбек ақысы нақты атқарылған жұмыстардың көлемі үшін жүргізіледі.

15. Нысаналы топтардан азаматтардың еңбек ақысын жартылай төлеу үшін бағытталған бюджеттік қаражаттарды мақсатсыз пайдаланғанына жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жауапты болады.

#### **4. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мен ұйымдастыруды бақылау**

16. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға бақылау жасауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Ұ л а н а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 3 қ а р а ш а д а ғ ы  
№ 359 қаулысына 2 қосымша

#### **Кәсіптік оқытуға жіберілген жұмыссыз азаматтардың тамақтану және медициналық куәландіру шығындарын өтеу бойынша Нұсқаулық**

Кәсіби оқытуға жіберілген жұмыссыздардың және нысаналы топтардағы жұмыспен қамтылмаған азаматтардың жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландіру шығындарын өтеу нұсқаулығы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19-маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережелеріне және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленді.

#### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Облыс шегінде тұруға, оқу орнына барып, қайта қайтуға арналған шығындарды өтеу тұратын жерінде оқитын өтініш берушіге жүргізіледі.

2. Облыс шегінде тұру, медициналық куәландыру, оқу орнына барып қайта қайту шығындарының өтеуін «Ұлан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» Мемлекеттік Мекеме жүргізеді.

3. Дәрігерлік куәландыру шығындарының өтелуі кәсіби даярлықты белгілеуді талап ететін мамандықтар бойынша оқытуға жіберілген өтініш берушілерге жүргізіліп нәтижесіне қарамастан төленеді.

4. Өтініш берушілер дәрігерлік куәландыруды «Ұлан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» Мемлекеттік Мекеме жолдамасы бойынша өтеді.

5. Өтініш берушілердің шығындарының өтелуі құжаттарды ұсынған күннен бастап, бірақ оқу аяқталған күннен бір ай кешіктірмей жүргізіледі.

6. «Ұлан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» Мемлекеттік Мекеме ресми тіркелген және кәсіби даярлыққа, біліктілікті арттыру мен қайта даярлыққа жіберілген жұмыссыз, сондай-ақ нысаналы топтардағы жұмыспен қамтылмаған азаматтар шығындарды өтеу құқығына ие болады.

## **2. ШЫҒЫНДАРДЫҢ ӨТЕУІН АЛУҒА ӨТІНІШ БЕРУ**

8. Өтініш беруші «Ұлан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» Мемлекеттік Мекеме жазбаша түрде өтініш береді және қажетті құжаттарды ұсынады.

## **3. ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ**

9. Шығындардың өтеуін алу үшін қажетті құжаттар:

1) тұратын жері бойынша банктегі жеке шотының нөмірі көрсетілген жазбаша өтініш;

2) қосымшалармен бірге аванстық есептер: теміржол көлігімен, жолаушы автокөлігімен (таксиден басқа) жол жүру құжаттары немесе жол жүрудің құны туралы аталған тасымалды түрлерімен айналысатын мекеменің анықтамасы;

Медициналық куәландыруды өткені жөніндегі төлем құжаты.

3) оқу сабақтарының басталуы және аяқталуы туралы бұйрықтың көшірмесі

## **4. ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУДІҢ МӨЛШЕРІ**

10. Шығындардың толық өтелуі:

- 1) құжаттармен расталған медициналық куәландырудың құны үшін;
- 2) құжаттармен расталған өңір (облыс, аудан) шегіндегі оқу орнына барып

қайта қайту жол жүру құны үшін;

11. Тұру шығындарының жартылай өтелуі мынадай мөлшерде жүргізіледі:

1) өзге жерден келген өтініш берушілер Өскемен, Семей қалаларында оқып жатақханаларда тұрған уақытта – ұсынылған төлем құжаттары бойынша, бірақ айында 6 айлық есептік көрсеткіштен аспағанда. Жалданған тұрғын үйлерде тұрғанда – айында 6 айлық есептік көрсеткіште.

2) өзге жерден келген өтініш берушілер басқа тұрғын жерлерде оқып жатақханаларда тұрған уақытта – ұсынылған төлем құжаттары бойынша, бірақ айында 4 айлық есептік көрсеткіштен аспағанда. Жалданған тұрғын үйлерде тұрғанда – айында 4 айлық есептік көрсеткіште.

12. Өскемен және Семей қалаларында оқитындар үшін тамақтану шығындарының өтелуі айына 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, өзге елді мекендерде айына 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

## **5. ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ТӨЛЕМДЕРІ**

13. Шығындарды өтеудің төлемі 2008-2010 жылдары Халықты жұмыспен қамту жүйесін дамытуға бағытталған шараларды іске асыру бойынша Жоспардың орындалуына қарастырылған жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен жүргізіледі.

14. Тұру шығындарын жартылай өтеудің төлемі оқудың аяқталуы бойынша немесе ай сайын жүргізіледі.

15. Тамақтану шығындарын өтеу төлемі ай сайын жүргізіледі.

16. Медициналық куәландыру мен өңір шегіндегі (облыс, аудан) оқу орнына барып қайта қайту жолына арналған шығындардың толық өтелуінің төлемі құжаттар ұсынған кезден бір ай ағымында жүргізіледі.

17. Өтініш берушіге өтелу шығындардың толық немесе жартылай төлемі ақшалай түрде жеке шотқа түсіру жолымен немесе Шығыс Қазақстан Облыстық филиалы Қазпошта Акционерлік Қоғамы Ұлан аудандық пошта байланыс торабы салымы арқылы жүзеге асырылады.